2. [Мұзды жылдам дайындау] функциясының белгішесі қосылған кезде, [Мұзды жылдам дайындау] функциясының түймесін басыңыз, мұзды дайындау өшірілгенін көрсетіп тұратын дыбыс сигналы бір рет естіледі, [Мұзды жылдам дайындау] функциясының белгішесі сөнеді, және мұзды жылдам дайындау функциясы өшеді.



[Мұзды дайындау] түймесін басыңыз




[Мұзды жылдам дайындауды] қосу үшін басыңыз




[Мұзды жылдам дайындауды] өшіру үшін басыңыз

“Health zone” интерфейсіне кіру үшін бұғаттан шығарылған дисплейде саусағыңызды экран бойынша оң жаққа жүргізіңіз.



Теріге күтім жасауға арналған құралдар:



Теріге күтім жасау құралын “Health zone” бөлімшесіне салу үшін оны түртіңіз. Пайдаланушы пайдалану әдеттеріне сәйкес пайдалану туралы еске салуды орната алады (төрт еске салғыш таймерге дейін орнатуға болады). Белгіленген таймер мерзімі өткеннен кейін, дисплейде еске салу пайда болады және пайдаланушыға құралды пайдалану қажеттілігі туралы есіне салатын дыбыс исналы естіледі.




Теріге күтім жасау құралдарын пайдаланғаннан кейін сіз оларды тоңазытқыш мәзірінен шығара аласыз, және салқындату дәрежесі өзгермейді. Басқа функцияларды пайдалану үшін, режимдер мен функцияларды теңшеу әдісіне сәйкес тисті режимді таңдауға болады.

Кеңес:

Косметиканы, арнай препараттарды және денсаулыққа арналған өнімдерді сақтауды теңшеу тәсілдері, теріге күтім жасау құралдар үшін сияқты.

13 “Smart Fresh” режимі.

“Smart Fresh” функциясын басқару интерфейсіне кіру үшін бұғаттан шығарылған дисплейде [Smart fresh] дегенді басыңыз. Тоңазытқыш тоңазытқыш бөлімшөдегі иістің қарғындылығын бағалау негізінде “Smart fresh” функциясын автоматты түрде қосады, сіз сонымен қатар тазалау функциясын да қолмен қоса аласыз. Тазалау функциясы қосылғаннан кейін, тоңазытқыш камерада тазалау аяқталғаннан кефін оны қолмен немесе автоматты түрде өшіруге болады. Тоңазытқыш стерилдеу және иіссіздендіру күйінде болғанда, “Smart fresh” индикаторының түсі көкке өзгереді; стерилдеу және иіссіздендіру аяқталғаннан кейін индикатордың түсі аққа өзгереді.



[smart fresh] түймесін басыңыз

Функцияны қосу үшін [Стерилдеуді белсендіру] дегенді басыңыз

Өшіру үшін [Стерилдеуді аяқтау] дегенді басыңыз

Тоңазытқы бөлімшенің күйін сипаттау:


Өте жақсы: Тоңазытқыш бөлімше өте жақсы күйде, иіс жоқ; Жақсы: Тоңазытқыш бөлімше жақсы күйінде, иіс сәл шығады; Нашар: Иіс бар, бүлінген өнімдер болуы мүмкін. Тоңазытқыштың тазалығы деңгейі тоңазытқыш бөлімшедегі иістің қанықтығын талдау нәтижесінде анықталады, және кейбір иістерді жақсы сезетін пайдаланушылар тіпті оңтайлы деңгейде де әлсіз иісті сезінуі мүмкін.

Түсініктемелер:

“Smart fresh” жүйесі негізінен қаныққан иістерді анықтауға және жоюға арналған. Ол кейбір өнімдердің хош иістерін, мысалы, жемістердің, дәмдеуіштердің, тұздықтардың иістерін біртіндеп анықтап жояды. Мұндай өнімдердің иісі табиғи қаныққан болады. Иістің пайда болуына жол бермеу үшін, мұндай өнімдерді жабық контейнерде немесе тоңазытқыштан тыс сақтау ұсынылады.


14 Таймер функциясы.

Басқа функционалдық аймақтарға өту үшін бұғаттан шығарылған дисплейде саусағыңызды экран бойынша солға қарай жүргізіңіз, және таймер функциясының интерфейсіне кіру үшін [Таймер] түймесін басыңыз. Қажет болған кезде есептегішті орнатыңыз, және тоңазытқыш уақытты өткенін есіңізге салады.



15 Теңшеу функциясы.

Басқа функционалдық аймақтарға өту үшін бұғаттан шығарылған дисплейде саусағыңызды экран бойынша солға қарай жүргізіңіз, және теңшелімдер мәзіріне кіру үшін [Теңшелімдер] түймесін басыңыз. Экранның жарықтығын, уақыт пен күнді орнатыңыз, электрондық нұсқаулықтарды және пайдаланушыларды қолдау функцияларын қараңыз және т.б.



16 Есіктің ашылуы сигналы.

Егер қандай да бір есік белгілі бір уақыт ішінде жабылмаса, тоңазытқыш бұл туралы пайдаланушыға еске салу үшін дыбыс сигналын береді. Тиісті есік жабық болса есіктің жабылуы сигналы өшеді.

17 Қуат өшірілген кезде есте сақтау функциясы.

Жұмыс күйі қуат өшірілген сәтте жад блогында сақталады, және тоңазытқыш қуат қайтадан қосылғаннан кейін алдыңғы теңшелімдерге сәйкес жұмысын жалғастырады.

18 Мобильді құрылғыға қосылу функциясы.

Тоңазытқышты Wi-Fi желісіне қосыңыз, сонда сіз құрылғыны қашықтан басқара алатын боласыз.

Бұл үшін:

Evo қосымшасын жүктеңіз.




Бірнеше маңызды кеңес:

- УҮйдегі Wi-Fi желісінің жиілігі 2,4 ГГц-ты құрайтынына көз жеткізіңіз. Мұны роутердің теңшеулерінен тексеруге болады.
- Смартфонда bluetooth бен геолокацияны анықтау функциялары қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқышыңыз желінің таралу аймағында тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Тоңазытқышқа жақындаңыз..

Тоңазытқышты қосымшаға жалғау


1. Алғаш қосқан кезде

- Тоңазытқышты қуат көзіне қосыңыз, бірінші экранда [Байланыс орнату] батырмасын басыңыз.
- Evo қосымшасын ашыңыз, жаңа тіркеулік жазба жасаңыз немесе жүйеге кіріңіз.
- «Үй» бөліміне өтіп, «Құрылғыны қосу» немесе жоғарғы оң жақ бұрыштағы «+» батырмасын басыңыз.
- Теңшеуді аяқтау үшін қосымшадағы нұсқауларды орындаңыз..



2. Пайдалану кезінде (алғаш қосылу қадамы өткізіп жіберілген немесе желі өзгерген жағдайда)

Бұғаттаудан шығарылған дисплейде басқа функционалды аймақтарға өту үшін экран бойымен саусақты солға қарай жылжытып, теңшеу интерфейсіне кіру үшін [Теңшеу] батырмасын басыңыз, [Байланысты орнату] батырмасын басып, мобильді құрылғыға қосылу функциясының интерфейсіне кіріп, нұсқаулыққа сәйкес түйіндістеруді жүргізіңіз.




Ескертулер:

Wi-Fi функциясын, сондай-ақ мобильді қосымшаны қосу және пайдалану барлық аймақтар (елдер) үшін мүмкін емес.

Wi-Fi функциясын, сондай-ақ сіздің аймағыңызға (еліңізге) арналған мобильді қосымшаны қосу және пайдалану мүмкіндігін сатушыдан (уәкілетті ұйымнан) тексеріңіз. Функционалдылық қолданба интерфейсi және қосылымға қол жетімділік келесіден өзгеше болуы мүмкін пайдалану аймағына (еліне) байланысты, сондай-ақ evo қосымшасының кейінгі жаңартулары.

Тоңазытқыштың ішіндегі дисплейді басқару



Тоңазытқыштың есігі ашық болғанда, тоңазытқыштың ішіндегі дисплей жанады және бұғатталады.

Бұғаттан шығару:

Дисплей бұғатталған кезде, [3 секунд бұғаттан шығару] белгішесін басыңыз және 3 секунд ішінде ұстап тұрыңыз. Дыбыс сигналы естіледі, белгіше сөнеді, және дисплей бұғаттан шығарылады.

Бұғаттау:

Егер пернелер 30 секунд ішінде басылмай тұрса, бұғаттан шығарылған дисплей қайтадан бұғатталады және [3 секунд бұғаттан шығару] белгішесі жанады. Дисплей бұғаттан шығарылған кезде, [3 секунд бұғаттан шығару] белгішесін басыңыз және 3 секунд ішінде ұстап тұрыңыз, дыбыс сигналы бір рет естіледі, [3 секунд бұғаттан шығару] белгішесі жанады, және дисплей бұғаттан шығарылады.

Функцияны реттеу:

Тоңазытқыштағы дисплей бұғаттан шығарылған кезде, тиісті функционалдык түймені басыңыз, дыбыс сигналы естіледі, тиісті функцияға кіруге арналған белгіше жанады.


1. “MSA” функциясы стандартты режимде болғанда, “MSA” оттегіні бақылау функциясы жартылай жарық түсіреді;
2. “MSA” күшейтілген режимде болғанда, “MSA” оттегіні бақылау функциясының барлық белгішелері жанып тұрады.
3. “MSA” функциясы өшірулі болған кезде, “MSA” оттегіні бақылау функциясының барлық белгішелері сөнеді.

Сіз конструкцияның кейбір бөлшектерін алып тастап, тоңазытқыштағы сақтауға арналған орынды ұлғайта аласыз. Әрі қарай төмендегі суретте көрсетілген алынбалы бөлшектер тізімі келтірілген. Бөлшектеудің нақты тәсілі туралы ақпарат алу үшін 43-беттегі “Бөлшектерді тазалау және оларға техникалық қызмет көрсету” бөлімін қараңыз.

№	Бөлшектің атауы	№	Бөлшектің атауы
1	Есік сәресі (сол жақта жоғарғы)	12	Мұзды сақтауға арналған контейнер
2	Есік сәресі (сол жақтағы ортаңғы)	13	Мұздатқыш камераның жоғарғы жәшігі
3	Есік сәресі (сол жақтағы төменгі)	14	Мұздатқыш камераның жоғарғы жәшігінің кронштейні
4	Health zone бөлімшесі	15	Жылжымалы жәшік, сол жақ
5	Шыны сөре	16	Жылжымалы жәшік, оң жақ
6	Шыны сөре	17	Жылжымалы жәшіктің кронштейні
7	сөре Moist Zone	18	Мұздатқыш камераның төменгі жәшігі
8	контейнері Суға	19	Тегершіктің қосқыш өзегі
9	Mu zone контейнері		
10	MSA контейнері		
11	Автоматты мұз генераторы		

○ Алынбалы бөлшектер

⊙ Алынбалы бөлшектер (жасырын)



5. ПАЙДАЛАНУ

5

ПАЙДАЛАНУ

Тоңазытқыш бөлімше негізінен тамақ өнімдерін қысқа уақытқа сақтауға және тұтынуға дайын өнімдерді сақтауға арналған.

Тоңазытқыш бөлімшенің көптеген аймақтарында орташа температураны 0°C~10°C диапазонында реттеуге болса да, өнімдер жаңа болып ұзақ сақталмайды, сондықтан тоңазытқыш бөлімшені тек қысқа уақытқа сақтау үшін пайдалануға болады.




Ескерту

Егер қоршаған орта температурасы 0°C~10°C болса, тоңазытқыш камераның температурасы төмендейді, оның төменгі шегі - шамамен 0°C. Осы кезеңде көкөністер мен жемістерді, мұздатуды болдырмау үшін, тоңазытқыш камераның жоғарғы бөлігіне орналастыру керек.

Тоңазытқыш камераның сол жақ есігін жаба отырып, тік тіреудің дұрыс жабылғанына көз жеткізіңіз, әйтпесе есік нық жабылмайды, және камерадағы температура көтеріледі. Мұндай жағдайда дыбыс сигналы ұзақ уақыт ішінде берілетін болады. “MSA” жылжымалы жәшігі салыстырмалы түрде жабық кеңістік болып көрінеді. Ылғал мөлшері жоғары өнімдерді сақтау кезінде, ол кеңістікте немесе контейнердің түбінде су тамшылары түрінде жиналады. Бұл қалыпты жағдай, конденсатты құрғақ матамен алып астауға болады.

ҰСЫНЫЛАТЫН САҚТАУ АЙМАҚТАРЫ

Тоңазытқышта суық ауа айналымы салдарынан әр аймақтың температурасы әртүрлі, сондықтан әртүрлі өнімдерді температурасы қолайлы аймақтарда орналастыру ұсынылады.



АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ӘРТҮРЛІ ТҮРЛЕРІН САҚТАУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Жемістер мен көкөністерді сақтау мерзімдері бойынша бақылау:

Қара салат-латук



Шамамен 7 күн

Қырыққабат



Шамамен 10 күн

Құлпынай



Шамамен 3 күн

Жүзім



Шамамен 7 күн

Балық пен етті сақтау мерзімдері бойынша бақылау:

Сашими



Шамамен 2 күн

Балық



Шамамен 3 күн

Сыыр еті



Шамамен 4 күн

Краб таяқшалары



Шамамен 7 күн

Тамақ өнімдерін сақтау бойынша ұсынымдар



Жаңа өнімдер: балық пен ұлулар, ет.



Сүт өнімдері, тіскебасарлар: йогурт, ірімшік, желе, пудингтер.



Көкөністер, тәттілер: салаттар, тұздықтар.



Үй табиғи өнімдері: тұздықтар, джемдер, тұз мөлшері аз тұздалған қияр, шикі кеспе.



Өңделген тамақ өнімдері: баық шариктері, балық, ет тұздығы, ветчина, ветчина шұжығы.


■ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Мүмкіндігінше тоңазытқышты салқын, жақсы желдетілетін орынжайда жылу көздерінен және күн жарығынан алыс орнатыңыз.
- Есіктердің ашылуы уақыты мен жиілігін барынша азайтыңыз. Мысалы: есікті ашуға және өнімдерді тоңазытқыштан шығаруға қажетті уақытты қысқарту үшін өнімдерді дәл сол үйреншікті орындарда сақтаңыз.
- Сақтау үшін өнімдерді қаптаңыз.
- Ыстық өнімдерді немесе сусындарды тоңазытқышқа салмас бұрын оларды салқындатыңыз.
- Мұздан ерітуді қажет ететін өнімдерді алдымен тоңазытқышқа салу керек, ал тоңазытқыштағы өнімдерді мұздатылған өнімдердің төмен температурасы есебінен салқындатуға болады.
- Ауа айналымына кедергі жасамау үшін тоңазытқышты лық толтырмаңыз.
- Тоңазытқыштағы температура неғұрлым төмен болса, энергия шығысы соғұрлым көп болады; өнімдерді сақтау шарттарын орындау үшін камераның ішінде ең жоғары рұқсат етілетін температураны орнатуға тырысыңыз.



ТОҒАЗЫТҚЫШ БӨЛІМШЕНІ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Азық-түлікті салқындату кезіндегі сақтық шаралары



Ыстық тамақты тікелей тоңазытқышқа қоймаңыз



Ыстық өнімдерді тоңазытқышқа салмас бұрын бөлме температурасына дейін салқындатып алу қажет. Ыстық тамақты тоңазытқышқа салу ондағы температураның көтерілуіне әкеліп қана қоймай, басқа өнімдердің балғындығына да әсер етеді.

Тоңазытқышқа салмас бұрын өнімдерді тазалау керек



Тоңазытқыштың ішінде гигиеналық жағдайды қамтамасыз ету үшін өнімдерді тоңазытқышта таза және құрғақ күйінде сақтау ұсынылады.

Салқындату алдында өнімдерді сұрыптап алу керек



Өнімдерді өнімдер типіне сәйкес бөлек сақтаңыз және есікті тым ұзақ ашық күйінде ұстамау және өнімдерді тоңазытқыштың түкірінде ұмытпау үшін сіз күн сайын тұтынатын өнімдерді серенің алдыңғы бөлігіне қойыңыз.

- Шалғам жапырақтарының қоректік заттарды сіңуін болдырмау үшін жапырақтарын кесіп алу керек.
- Қарбызды, жұпар қауынды, папайяны, бананды және ананасты тоңазытқышта сақтамау керек, өйткені бұл олардағы биологиялық процестерді жеделдетеді. Алайда, егер жемістер әлі піспеген болса, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде тоңазытқыш камерада сақтау олардың пісуіне ықпал етуі мүмкін.
- Пияз, сарымсақ, зімбір сияқты кейбір өнімдерді бөлме температурасында ұзақ уақыт ішінде сақталуы мүмкін және олар салқындатуды қажет етпейді.
- Жаңа піскен көкөністерді сақтау кезінде, тоңазытқышта бактериялардың көбеюін немесе басқа өнімдердің ластануын болдырмау үшін, оларды тоңазытқышқа салмас бұрын олардан топырақ қалдықтарын жуып тастау ұсынылады.



Ауаны шығаруға арналған саңылауды жаппаңыз




Ауа айналуына арналған тесіктерді жапқан кезде суық ауа ағындары тиімді таралмайды, бұл компрессордың жұмысының қарқындылығына және электр энергиясының жоғары тұтынуына әсер етуі мүмкін.

Температураны бақылау датчиктерін жаппаңыз




Суретте көрсетілгендей, тоңазытқыш бөлімшеде температура датчигі бар. Тоңазытқыштың өнімдерге нық толмауына көз жеткізіңіз: мұндай жағдайда тоңазытқыш температураны дұрыс өлшей алмайды және іркілістермен жұмыс істейтін болады, бұл тоңазытқыш камерадағы тым төмен температураға және электр энергиясының қажетсіз жоғалуына әкеледі.

Тоңазытқышты артық толтырмаңыз




Тоңазытқыштың ішіндегі өнімдерді бір-бірінен бөлек ұстау керек, суық ауаның айналуы үшін кеңістік қалдыру керек: сонда өнімдер жақсырақ салқындатылады.

Тамақтың камераның қабырғаларымен жанасуына жол



Тоңазытқышта сақталатын өнімдердің (әсіресе майлы өнімдердің) камера қабырғаларымен ұзақ жанасуы қабырғалар жабынының ластануына әкелуі мүмкін. Тамақ өнімдері мен камера қабырғалары арасында тікелей жанасуды мүмкіндігінше болдырмау керек. Егер қабырға маймен былғанған болса, оны уақытында жуу керек.


Есіктерді мүмкіндігінше сирек ашып жүріңіз



Егер тоңазытқышты сирек ашып жүрсе және тым кең ашпаса, суық ауа шығындарын азафтуға және электр энергиясына қол жеткізуге болады.

■ МҰЗДАТҚЫШ БӨЛІМШЕНІ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Ең жақсы сақтау температурасын қамтамасыз ету үшін, әртүрлі өнімдерді оларды сақтау шарттарына сәйкес әртүрлі бөлімшелерде сақтауға болады.



■ МҰЗДАТҚЫШ КАМЕРАНЫ ПАЙДАЛАНУ

Маусымдық деликатестерден ұзақ уақыт рахаттану үшін, өнімдерді мұздатқыш камерада ұзақ уақыт ішінде сақтау қажет.


- Мұздатқыш камераның температура диапазоны: -14°C ~ -24°C құрайды, оны қажеттілігіне қарай реттеуге болады. Мұздатқыш камерадағы температура өте төмен болғандықтан, өнімде ұзақ уақыт ішінде балғын болып сақталуы мүмкін, сондықтан ұзақ уақыт сақталуға жататын мұздатылған өнімдерді дәл осы мұздатқыш камерада сақтау керек.
- Мұздатқыш бөлімше жоғарғы жылжымалы жәшіктен, төменгі жылжымалы жәшіктен, мұзды дайындауға арналған бөлімшеден, екі жылжымалы түпқоймадан тұрады.

■ АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ МҰЗДАТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

5

ПАЙДАЛАНУ

Мұздату алдында өнімдерді қаптап қою ұсынылады




Өнімдердің бір-біріне мұздап жабысуына жол бермеу үшін қаптаманың сыртқы беті құрғақ болуы керек. Тамақ иісінің таралуына және сапасының нашарлауына жол бермеу үшін, қаптау материалдары иіссіз, ауа өткізбейтін, су өткізбейтін, ұйты емес және қоршаған ортаны ластамайтын болуы керек.

Тым көп тамақ салмаңыз



Мұздатқыш камераға бір ретте салынатын жаңа өнімдер көлемі тым көп болмауы керек, тоңазытқыштың мұздату мүмкіндіктерінен аспауы керек (49-бетте техникалық сипаттамаларды қар.).

Өнімдерді қайта мұздатудан аулақ болыңыз




Мұздату камерасынан мұздан еріту үшін өнімдердің қажетті көлемін ғана шығарыңыз. Егер мұздатылған өнімдер дайын тағамға қайта еңделмейтін болса, оларды қайта мұздатпау керек, әйтпесе бұл тамақтың дәміне әсер етеді.

Ыстық тамақты тоңазытқышқа қоймаңыз
холодильник



Ыстық тамақты бөлме температурасына дейін салқындату қажет.

Жарамдылық мерзіміне сәйкес өнімдерде күндерді қойып шығыңыз



Жарамдылық мерзімін өткізіп алмау үшін, қаптау пакетіне сақтау мерзіміне сәйкес мұздатылған өнімдердің салынған күнін, жарамдылық мерзімін және атауын көрсету ұсынылады.

Бөтелкедегі сусындарды мұздату камерасына салуға болмайды



Ағып кетуін болдырмау үшін мұздатқыш камераға бөтелкедегі сыраны немесе сусындарды қоймаңыз.

Тамақты ыңғайлы порцияларға бөліңіз



≤ 2,5 кг


Бұл мұздату процесін жеңілдетеді, мұздан еріту және дайындау сапасын арттырады, ал әр порция салмағы бойынша 2,5 кг-нан аспауы керек.

■ МҰЗ ГЕНЕРАТОРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТАЗАРТУ

МҰЗ ГЕНЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒЫСЫ

Осы тоңазытқыштың автоматты мұз генераторы су сақтауға арналған бірегей контейнермен жабдықталған. Сіз суды тікелей суды сақтауға арналған контейнерге құйып, мұзды автоматты режимде дайындай аласыз. Мұз керек болмаса, автоматты тұз генераторын тазалау үшін шығаруға болады, бұл кеңстікті өнімдер үшін пайдалануға болады.

МҰЗ ГЕНЕРАТОРЫЛЫҚ




Суға арналған контейнер

Жинаулы мұз генераторы

Мұзды сақтауға арналған контейнер

СУДЫ САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ҮДІСВОДЫ



Суға арналған резервуардың тұтқасы

Суға арналған резервуардың жоғарғы қақпағы

Суға арналған резервуардың тығыздағышы

Режеңке су беру түтігі

Суға арналған контейнер сүзгісі түтігінің қақпағы

Суға арналған контейнер түтігінің сүзүші төсемі

Суға арналған контейнер сүзгісі түтігінің қақпағы

Суға арналған контейнердің корпусы

 Ескерту

Егер ықта мұзды дайындау қажет болмаса, өнімдерді сақтау үшін орынды босату үшін жинаулы мұз генераторын және суға арналған контейнерді алып тастауға болады. Жинаулы мұз генераторын және суға арналған контейнерді тоңазытқыштан тыс сақтау кезінде оған шаңды түсірмеу үшін сақ болу керек. Қайта пайдаланған кезде оны тазалау және сүрту керек.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тек ауыз суымен толтырыңыз.

1

Суға арналған контейнерге су қосыңыз

1-қадам:




Суға арналған контейнерді алып тастаңыз. Контейнердің алдыңғы бөлігін аздап көтеріңкіреңіз және оны шығарыңыз.

2-қадам:

Суға арналған контейнерді ашып, оған су толтырып құю үшін тұтқаны бұраңыз. Абай болыңыз, MAX (максималды) деңгейден асырмаңыз. (суға арналған контейнерде MAX деңгей елгісін қар. Егер су тым көп болса, ол барлық жақтан ағатын болады.)

3-қадам:

Суға арналған контейнерді орнына орнатыңыз. Оны ішке қарай тереңге салу керек, әйтпесе ол суды қалыпты бере алмайды.



 Ескерту

- Суға арналған контейнерге құйылатын судың температурасы 60°C аспауы керек.
- Тек ауыз суын құйыңыз; суға арналған контейнерге минералды судың, шыршынның және шайдың қалдықтарын төкпеңіз.
- Құдықтан алынған немесе хлорсыздандырылған судан (сілтілі иондандырылған судан, су тазартқыштан алынған судан) мұзды дайындау кезінде қонбаның жәе шырыштың түзілу ықтималдылығы жоғары болады, сондықтан жиі тазалап отыру және техникалық қызмет көрсету талап етіледі.
- Егер мұзды дайындау үшін ішілмеген минералды суды пайдалансаңыз, алдымен мұзға арналған камераны және суға арналған контейнерді ыдысқа арналған бейтарап жуғыш құралмен тазалаңыз, әйтпесе қонба мен ышырыш түзіледі, бұл ақыр соңында зеңге және жағымсыз иіске әкеледі.
- Қыста төмен температурада суға арналған контейнердеші су мұздап қатуы мүмкін.
- Егер суға арналған контейнер бос болса, суы сорғысы және мұз генераторы жұмыс істеген кезде дыбыс шығаруы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай.


2

Мұз текшелерін алыңыз

Текшелерді алу үшін мұзды дайындағаннан кейін мұзға арналған қалақшаны пайдаланыңыз.

 Ескерту

- Егер сіз оны жаңа ғана пайдалана бастасаңыз немесе соңғы пайдаланған сәттен бастап бір аптадан көп уақыт өтсе, жаңа дайындалған мұз текшелерінің иісі немесе ластануары болуы мүмкін, сондықтан алғаш рет дайындалған мұзды (шамамен 8 мұз текше) тастау қажет.
- Егер сіз мұз генераторының су беру түтігін тазаласаңыз, дайындалған мұз текшелерінің бірінші партиясын пайдалануға болады.



3

Мұз текшелерін сақтау

Мұзды сақтауға арналған контейнердің сыйымдылығын мұз детекторы автоматты түрде тексере алады. (Мұзға арналған контейнердің көлемін дұрыс анықтау үшін, мұз текшелерін жалпағынан қаламаңыз) Сақтауға арналған контейнер толғаннан кейін мұз дайындауды тоқтатыңыз. Мұзға арналған контейнерде сақталатын мұздың көлемін тексеріңіз. Егер мұз тым көп болса, мұз генераторы мұзды дайындай алмайды немесе есікті ашу және жабу үшін кедергілер пайа болуы мүмкін.

МҰЗ ГЕНЕРАТОРЫН ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТЛЫДА

Суға арналған контейнерді және оның бөлшектерін тазалау

1-қадам:

Суға арналған контейнердің жоғарғы қақпағын жоғары қарай қозғалтып алыңыз.

2-қадам:





Суға арналған контейнердің түтігін, сүзгі түтігінің қақпағын, түтіктің сүзуші төсемін және сүзгі төсемінің қалпақшасын алып тастаңыз.

3-қадам:

Суға арналған контейнердің тығыздағышын алып тастаңыз.

4-қадам:

Суға арналған контейнерді және оның бөлшектерін жұмсақ губкамен тазалаңыз. Төзімді дақтарды жою үшін су жууға арналған сұйылтылған құралды пайдаланыңыз және жойғаннан кейін сумен жуып тастаңыз.



 Ескерту

Орнату реттілігі алу реттелігіне кері орындалады. Суды MAX (максималды) деңгейден жоғары қоспаңыз. (Егер су деңгейі MAX деңгейінен асса, су барлық жақтан ағатын болады.)

1-қадам:

Мұзды дайындау функциясын өшіріңіз және мұздатқыш камераның жоғарғы есігін ашыңыз.

2-қадам:

Мұзға арналған контейнердің бекіткіш тұтқасын тірелгенге дейін бұраңыз, мұзға арналған контейнердің алдыңғы бөлігіндегі тұтқаны сыртқа қарай баяу тартыңыз

3-қадам:




Мұз генераторын баударыңыз, ақ тұтқаны тартыңыз және оны шығарып алыңыз.

4-қадам:

Мұзға арналған контейнерді сумен жуыңыз; шөткелерді немесе бетті сыруу мүмкін зарарсыздандырғыш ұнтақтарды пайдаланбаңыз.

5-қадам:

Мұзға арналған контейнерді шешіп алуға кері тәртіппен орнатыңыз. Мұз генераторын жәшікке салыңыз және оның толық салынғанын көрсетіп тұратын шертілген дыбысты естімейінше оны төмен қарай итеріңіз. Бекіту үшін бекіткіш тұтқаны кері оңға қарай бұраңыз.



 Ескерту

- Судан басқа бірдеңені мұздатудан кейін мұз генераторын автоматты мұз генераторына қайтадан салмас бұрын, оны уақытылы тазалап отыру керек.
- Суға арналған контейнерді, суға арналған ішкі контейнерді және қақпақты тазалау кезінде жуу үшін жұмсақ губканы пайдаланыңыз; шөткені немесе зарарсыздандырғыш ұнтақты пайдаланбаңыз. Төзімді дақтарды жою үшін ыдысты жууға арналған сұйылтылған құралды пайдаланыңыз, бірақ оны міндетті түрде сумен шайып жіберіңіз. Қылшықтары қатты шөткелерді, сым шөткелерді, қажақты материалдарды (мысалы, тіс пастасын, кір жуу ұнтағын және т.б.), органикалық еріткіштерді (мысалы, бензинді, сұйылтқышты, ацетонды, спиртті және т.б.), ыстық суды, қышқылды немесе сілтіні пайдаланбаңыз, олар жарылуға әкелуі мүмкін.
- Мұзға арналған жинаулы контейнерді жууға болмайды. Егер ол ылғалданса, оны құрғақ матамен сүртіңіз. Егер аспаптың ішіне су түсіп кетсе, мұзды дайындау функциясы бұзылатын болады. Мұз генераторын орнату кезінде мұзға арналған контейнерге су қоспаңыз, өйткені су автоматты түрде беріледі.

 Ескерту

Ескерту: Мұз генераторына тек ауыз суын құйыңыз.воду.

1: Құрылғы неге мұз жасамайды?

Құбылыс	Мұзды жасамайды
Себебі	<p>a. Суға арналған контейнерге су қосылмаған.</p> <p>b. Суға арналған контейнерде су мұздап қатып қалды. c. Суға арналған контейнер орнына салынбады.</p> <p>d. Жинаулы мұз генераторы дұрыс орнатылмаған.</p> <p>e. "Мұзды дайындау" функциясы қосылмаған.</p>
Шешімі	<p>a. Суға арналған контейнерге су қосыңыз.</p> <p>b. Суға арналған контейнерді шығарыңыз, контейнерден мұзды алып тастаңыз және тиісті түрде тоңазытқыш камераның температурасын ұлғайтыңыз.</p> <p>c. Суды сақтауға арналған контейнерді дұрыс орнатыңыз.</p> <p>d. Жинаулы мұз генераторын бекіткіш тұтқа бекітілмегенше, тірелгенге дейін салыңыз.</p> <p>e. "Мұзды дайындау" функциясын қосыңыз.</p>

2: Мұз мөлшері жеткіліксіз, мұз текшелері кішкентай немесе аздап еріген бе?

Құбылыс	Алынған мұз текшелері көп емес, олар ұсақ және жартылай ериді.
Себебі	<p>a. Тоңазытқыштың есігі жиі ашылып жабылады немесе нық жабылмайды.</p> <p>b. Мұзды сақтауға арналған контейнер тегіс орналаспаған немесе онда басқа заттар бар.</p>
Шешімі	<p>a. Тоңазытқыштың есігін нық жабыңыз және оны мүмкіндігінше сирек ашып жабуға тырысыңыз.</p> <p>b. Мұз текшелерін тегістеу және әртүрлі бөтен заттарды жою үшін мұзға арналған қалақшаны пайдаланыңыз.</p>

3: Алынған мұз текшелері бұлдыр

Құбылыс	Алынған мұз текшелерінде ақ дақтар бар.
Себебі	Мұз құрамында минералдар бар судан жасалады.
Шешімі	Бұл қалыпты жағдай, және масасызданудың кереті жоқ

4: Мұз текшелерінің иісі бар ма?

Құбылыс	Генератор дайындаған мұздың ерекше иісі бар.
Себебі	<p>a. Суға арналған контейнердегі су бұрыннан ауыстырылмады.</p> <p>b. Суға арналған контейнерге иісі жағымсыз су немесе сусындар құйылған.</p> <p>c. Мұз текшелері дайындалып, мұзға арналған контейнерде тым ұзақ сақталды.</p> <p>d. Сүзгі оратылмаған немесе суға арналған контейнердің сүзгісі ластанған.</p>
Шешімі	<p>a. Суды ауыстырыңыз.</p> <p>b. Тазалау туралы ақпаратты "Мұз генераторын тазалау және оған техникалық қызмет көрсету" бөлімінен қар.</p> <p>c. Мұз текшелерін ұзақ уақыт ішінде сақтамау керек, әйтпесе оларда басқа өнімдердің иісі пайда болады.</p> <p>d. Суға арналған контейнерді тазалаңыз және сүзгіні орнатыңыз немесе ауыстырыңыз.</p>

5: Мұз текшелерінің пішіні дұрыс емес пе?

Құбылыс	<p>a. Мұз текшелері бір-біріне жабысады немесе бір-бірінен өлшемі бойынша ерекшеленеді.</p> <p>b. Мұз текшелерінің пішіні дөңгелек.</p> <p>c. Мұз текшелерінің шығыңқылары бар.</p>
Себебі	<p>a. Тоңазытқыш толып кеткен.</p> <p>b. Мұз текшелері тым ұзақ жатты.</p> <p>c. Мұз генераторында ойыс және дөңес су беру арналары бар.</p>
Шешімі	<p>a. Тоңазытқыштың тегіс орналасуын қамтамасыз ету үшін аяқтарын дұрыс реттеуге болады.</p> <p>b. Мұз текшелерін мүмкіндігінше тезірек пайдаланыңыз немесе қайта жасаңыз.</p> <p>c. Бұл қалыпты жағдай, және масасызданудың кереті жоқ</p>

6. КҮНДЕЛІКТІ КҮТІМ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

■ ТОҒАЗЫТҚЫШТЫ ТАЗАЛАУ

1. Тоңазытқышты айын бірет тазалап жүріңіз.
2. Тазалау алдында тоңазытқыштан өнімдерді алып тастаңыз.
3. Алынған сөрелер мен жәшіктерді жууға болады. Орнату реттілігі алу реттелігіне кері орындалады.
4. Тазалаудан кейін қауіпсіздікті тексеру талап етіледі: қуат ашасы розеткаға толығымен салынған, ауытқымалы қыздыру жоқ. Қуат сымында жарықтар мен сызаттар жоқ.

 Ескерту

1. Тазалау алдында алдымен қуат блогын ажыратыңыз; ашаны су қолмен қопаңыз/ ажыратпаңыз, әйтпесе электр тогынан зақымдану және жарақат алу қаупі бар.
2. Суды тікелей тоңазытқышқа құймаңыз, әйтпесе ол тез тоттанып кетеді, ағып кетеді және істен шығады.
3. Қолды тоңазытқыштың астына қоймаңыз, өйткені сіз оларды металл бұрыштардан жырғызып аласыз.
4. Тоңазытқышты тазалау үшін қатты шөткелерді, металл шөткелерді, қажақты заттарды (мысалы, тіс пастасын, тазалау ұнтағын және т.б.), органикалық еріткіштерді (мысалы, бензин, сұйылтқыш, ацетон, спирт және т.б.), ыстық суды, қышқылдарды немесе сілтілерді пайдаланбаңыз.
5. Қуат сымы ашасының зақымдануы немесе шаңның жиналуы электр тогынан зақымдануға және тұтануға әкелуі мүмкін. Қандай да бір төтенше жағдайлар туындаған кезде қуат ашасын ажыратыңыз және сервис орталығына хабарласыңыз.
6. Шыны бетінде жіңішке ою бар. Егер саусақтар іздері (дақтар және т.б.) болса, бұйымға қоса берілетін тазалау құралын пайдаланыңыз, және оны жылы сумен немесе бейтарап ас үй жуғыш құралымен сүртіп алыңыз. Содан кейін судан қалған дақтарды сүртіп тастау үшін жұмсақ таза құрғақ матаны пайдаланыңыз.

Ескерту: Тоңазытқышты жуғыш құралмен, ағартқышпен, ацетонмен, еріткішпен, спиртпен, хлоридпен, бензолмен және т.б. тазалау кезінде бұйымның зақымдануы немесе түссізденуі болуы мүмкін.

 Ескерту

Не повреждайте холодильный контур во время технического обслуживания и очистки.

■ БӨЛШЕКТЕРДІ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Автоматты мұздан еріту

Бұл автоматты мұздан еріту функциясы бар қызылсу мұз түзілмейтін ауамен салқындатуы бар тоңазытқыш. Су мұздан ерітуден кейін буландырғышта буланады, сондықтан қолмен мұздан еріту талап етілмейді.


 Ескерту

Мұздан еріту процесін өндіруші ұсынған құралдардан басқа механикалық құрылғылардың немесе басқа құралдардың көмегімен жеделдетуге болмайды.


Тоңазытқыш есігінің әйнегі

Егер пайдалану кезінде тоңазытқыштың әйнегінде саусақтар іздері (дақтар және т.б.) қалса, сыйлық пакетінен алынған тазалау құралын пайдаланыңыз, оны жылы суға немесе бейтарап ас үй жуғыш құралына батырыңыз және сүртіп алыңыз. Содан кейін судан қалған дақтарды сүртіп тастау үшін жұмсақ таза құрғақ матаны пайдаланыңыз.


Ескерту: Тоңазытқышты тазалау үшін жуғыш құралды, ағартқышты, ацетонды, еріткішті, спиртті, хлоридті немесе бензолды пайдалану оның зақымдалуына немесе түссізденуіне әкелуі мүмкін.

**Тоңазытқыш камерадағы есік сәресі**


Оны екі қолыңызбен ұстаңыз да, жоғары итеріңіз.

**Тоңазытқыш камерадағы Health zone**



Health zone камерасын екі қолыңызбен ұстаңыз да, жоғары итеріңіз.

**Шыны сөре**


Сөренің алдыңғы шетін ұстап тұрып, алдыңғы шетін кішкене бұрышпен бұрыңыз, сөрені толығымен көтеріңіз және оны шығарып алыңыз.

**Magic zone жылжымалы жәшігі**

Жылжымалы жәшікті бөлшектеу кезінде алдымен есік сәресін алыңыз, содан кейін жәшікті шығарыңыз, екі қолыңызды жәшіктің сол және оң жақтарына қойыңыз, жылжымалы жәшіктің шетіндегі бағыттағыштың кронштейнін көтеріңіз, содан кейін жылжымалы жәшікті жоғары көтеріңіз де, оны шығарып алыңыз.



**Суға арналған контейнер**

Суға арналған контейнерді сыртқа қарай тартыңыз және оны шығарып алыңыз.



MSA контейнері

MSA жылжымалы контейнерін тірелгенше жылжытып шығарыңыз және MSA контейнерін қиғашынан жоғары қарай көтеріңіз..



Ескертпе:

MSA контейнерінің 1 тығыздағыш жолағы қымтауға арналған, пайдалану кезінде тығыздағыш жолақты жоймаңыз; пайдалану кезінде MSA 2 контейнерін бөлшектемеңіз; Егер жоғары көрсетілген екі бөлікті бөлшектеу қажет болса, көмек алу үшін сатудан кейін қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз.

Егер тығыздағыш таспа пайдалану кезінде сәл ажыратылып қалса, оны қайтадан қолмен салып көріңіз. Егер оны қайтадан сала алмасаңыз, көмек алу үшін сервис орталығына хабарласыңыз.

Мұзды сақтауға арналған контейнерді бөлшектеу және тазалау

1. Жоғарғы жылжымалы мұздатқыш камераның есігін тірелгенше тартыңыз.
2. Мұзды сақтауға арналған контейнерді жоғары қарай еңкейтіңіз және оны шығарып алыңыз.

Мұзды сақтауға арналған контейнерді сүрту үшін жылы суға малынған жұмсақ сүлгіні немесе губканы пайдаланыңыз (бейтарап жуғыш құралды қосуға болады), содан кейін тазалағаннан кейін оны қарамақарсы бағытта орнатыңыз.




Мұздатқыш камераның жоғарғы жылжымалы жәшігін бөлшектеу және тазалау

1. Мұздатқыш камераның жоғарғы жылжымалы жәшігінің есігін барынша тартыңыз.
2. Мұздатқыш камераның жоғарғы жылжымалы жәшігін жоғары және сыртқа қарай тартыңыз.
3. Мұздатқыш камераның жоғарғы жылжымалы жәшігін жоғарыда көрсетілгенге кері тәртіппен орнына орнатыңыз.

Мұздатқыш камераның жоғарғы жылжымалы жәшігін сүрту үшін жылы суға малынған жұмсақ сүлгіні немесе губканы пайдаланыңыз (бейтарап жуғыш құралды қосуға болады), содан кейін тазалағаннан кейін оны қарамақарсы бағытта орнатыңыз.

Тегершіктің қосқыш өзегін бөлшектеу

1. Жоғарғы жылжымалы мұздатқыш камераны шығарғаннан кейін тегершіктің қосқыш өзегін шеткі алдыңғы күйіне ауыстырыңыз. Тегершіктің қосқыш өзегінің сол ұшындағы бекіткіш бөлшектің шығып тұрған қысқышын тартып алыңыз.
2. Металл өзекті солға қарай ауыстырыңыз, және металл өзек тегершіктің оң шетінен ажыратылады.
3. Ажыратылған металл өзекті тегершіктің сол шетіндегі қосылыстан тартып алыңыз.
4. Тегершіктің қосқыш өзегін жоғарыда көрсетілгенге кері тәртіппен орнатыңыз.



Жылжымалы жәшікті және ұстағышты бөлшектеу және тазалау

1. Мұздатқыш камераның төменгі жылжымалы жәшігінің есігін барынша тартыңыз.
2. Жылжымалы жәшікті көтеріңіз.
3. Жылжымалы жәшіктің кронштейнін артқа қарай жылжытыңыз, қысқыштың күйін босатыңыз және кронштейнді шығарып алыңыз. Жылжымалы жәшікті және жылжымалы жәшіктің кронштейнін жылы суға малынған жұмсақ сүлгімен немесе губкамен сүртіңіз (бейтарап жуғыш құралды қосуға болады), содан кейін оны қарама-қарсы бағытта орнатыңыз.

Мұздатқыш камераның төменгі жылжымалы жәшігін бөлшектеу және тазалау



1. Мұздатқыш камераның төменгі жылжымалы жәшігінің есігін тартыңыз, оны барынша ашып қойыңыз және мұздатқыш камераның жылжымалы жәшігін тартып алыңыз.

2. Жылжымалы жәшіктің кронштейнін артқа қарай жылжытыңыз, қысқыштың күйін босатыңыз және кронштейнді шығарып алыңыз.

3. Мұздатқыш камераның төменгі жылжымалы жәшігін жоғары және сыртқа қарай тартыңыз.

4. Мұздатқыш камераның төменгі жылжымалы жәшігін алдағына кері тәртіппен орнатыңыз.

Мұздатқыш камераның төменгі жылжымалы жәшігін сұрту үшін жылы суға малынған жұмсақ сүлгіні немесе губканы пайдаланыңыз (бейтарап жуғыш құралды қосуға болады), содан кейін тазалағаннан кейін оны қарама-қарсы бағытта орнатыңыз.



ТАСЫМАЛДАУ

Тасымалдау алдында

1. Қуат ашасын ажыратыңыз.

2. Өнімдерді шығарыңыз, тоңазытқыштың ішкі бөлігін тазалаңыз және кептіріп алу үшін есігін ашып қойыңыз.

3. Сол және оң жақ реттелетін төменгі бұрыштарды реттеңіз және тоңазытқышты еденнен көтеріңіз.

Тасымалдау кезінде

1. Алға және артқа жылжыту үшін дөңгелектерді пайдаланыңыз.

(Егер едендік жабын сынғыш болса, дөңгелектерді пайдаланбаңыз)

2. Тасымалдау кезінде артында астындағы және үстіндегі тұтқалардан ұстаңыз. (Егер қол тайып кетсе, бұл жарақатқа әкелуі мүмкін)

3. Көшкен кезде тоңазытқышты 45°-тан артық бұрышпен қоймаңыз және тасымаңыз: бұл ақаулыққа әкелуі мүмкін.



■ ӨШІРУ

Электр энергиясы өшірілген кезде пайдалану

Тіпті жазда да электр энергиясын өшіргеннен кейін тоңазытқыштың ішіндегі температура 1-2 сағат ішінде өзгермейді. Электр энергиясы өшкен жағдайда тоңазытқышқа жаңа өнімдер салмаңыз және есікті ашуға тырыспаңыз. Егер электр өшірілетінін алдын ала білсеңіз, көбірек мұз текшелерін жасаңыз, оларды су өткізбейтін контейнерде сақтаңыз және мұздатқыш камераның жоғарғы бөлігіне ауыстырыңыз.

 Ескерту

Осының бәрі электр энергиясы өшірілгеннен немесе басқа ақаулықтар салдарынан тоңазытқыштың ішіндегі температураның көтерілуін барынша азайтуға көмектеседі.

Пайдалануды тоқтату

Егер тоңазытқыш ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмайтын болса, ашаны розеткадан суырып алыңыз, қуат көзін ажыратыңыз және жоғарыда сипатталғандай тоңазытқышты тазалап қойыңыз.

Тоңазытқыш пайдаланылмаған кезде, тоңазытқыштағы тамақ іздеріне жағымсыз иістің пайда болуына жол бермеу үшін есіктерін ашыңқырау керек.

 Ескерту

Қуат көзін ажыратқаннан кейін, оны қайтадан қоспас бұрын кемінде 7 минут аралық ұстаңыз. Тоңазытқыштың қызмет мерзімін азайтпау үшін, әдеттегі жағдайда тоңазытқышты тоқтатпаңыз.

 Ескерту

Ендігері пайдаланылуы жоспарланбайтын тоңазытқышты тиісті түрде кәдеге жарату немесе кәсіпқойларға тапсыру керек. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу және басқа да қауіптерді тудырмау үшін, оны кәдімгі қоқыс ретінде тастауға болмайды.

Демалыс кезінде

Ендігері пайдаланылуы жоспарланбайтын тоңазытқышты тиісті түрде кәдеге жарату немесе кәсіпқойларға тапсыру керек. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу және басқа да қауіптерді тудырмау үшін, оны кәдімгі қоқыс ретінде тастауға болмайды.

Егер ұзақ уақытқа демалысқа кетіп бара жатсаңыз, қуатты ажыратыңыз, өнімдерді шығарыңыз, мұз ерігеннен кейін ішкі бөлігін тазалаңыз, және тамақ іздерінен қалған жағымсыз иіске жол бермеу үшін кептіргеннен кейін тоңазытқыштың есігін ашыңқыраңыз:

1. Қуат ашасын ажыратыңыз және қуатты өшіріңіз.
2. Тоңазытқыштан барлық тамақ өнімдерін алып тастаңыз.
3. Қажет болған кезде 43-беттегі “Тоңазытқышты тазалау” бөлімінде сипатталған тәсілдердің біреуімен тоңазытқышты тазалаңыз.

■ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕСТЕСІ

Техниканы пайдалану кезінде максималды тиімділікті, жайлылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ оның қызмет мерзімін ұзарту үшін,

техникалық қызмет көрсетуді төменде келтірілген кестеге сәйкес орындау ұсынылады.

Casarte фирмалық сервис орталықтарының мамандарының біліктілігі жоғары және ең қысқа мерзімде кез келген техникалық қызмет көрсету үшін барлық қажеттімен жабдықталған.

Сіз EVO қосымшасында, www.casarte.ru сайттыңда, сондай-ақ Casarte ақпараттық орталығының келесі телефондары арқылы техникалық қызмет көрсетуге өтінім бере аласыз:

8-800-070-01-48 — Қазақстандағы Тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен қоңырау шалу тегін)

Бұйым	Техникалық қызмет көрсетудің түрі	Бұйымға техникалық қызмет көрсетудің ұсынылатын жиілігі
Тоңазытқыш	Тоңазытқыш және мұздатқыш бөлімдердің ішкі беттері, науалар: тазалау.	Айына 1 реттен кем емес.
	Дренаж жүйесі: тазалау.	Жылына 1 реттен кем емес.
	Тоңазытқыш / мұздатқыш камераның тығыздағыштары: тазалау.	3 айда 1 реттен кем емес.

7. КЕРІ БАЙЛАНЫС

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

 Ескерту

Техникалық қызмет көрсетуге жүгінбес бұрын, себебі мен шешімін табу үшін осы бетке өтіңіз. Егер ақаулықты әлі де жою мүмкін болмаса, сервис орталығына хабарласыңыз. Құрылғыны рұқсатсыз бөлшектемеңіз және жөндемеңіз.

1: Тоңазытқыш салқындатпай ма?

Симптом	Тоңазытқыш салқындатпайды.
Себебі	<ul style="list-style-type: none"> a. Қуат ашасы ажыратылған ба? b. Автоматты ажыратқыш және сақтандырғыш күйіп кетті ме? c. Электр өшірілген бе? d. Дисплей панелінде индикаторлар жанып тұр ма?
Шешімі	<ul style="list-style-type: none"> a. Қайтадан қосыңыз. b. Тоңазытқыштың есігін ашыңыз және жанып тұрғанын байқаңыз. c. Теңшелімдерде төменірек температураны қойыңыз.

2: Салқындату әлсіз бе?

Симптом	Тоңазытқыштың салқындатуы әлсіз.
Себебі	<ul style="list-style-type: none"> a. Тоңазытқыш шамадан тыс толған немесе ішінде ыстық тамақ бар ма? b. Есік жиі ашылып жабыла ма немесе есіктің саңылауларында тамақтан қалған пакеттер бітелген бе? c. Тікелей күн жарығы түсе ме немесе тоңазытқыш пештің немесе газ плитасының жанында тұр ма? d. Қоршаған желдету нашар ма? e. Температураның тым жоғары деңгейі орнатылған ба?
Шешімі	<ul style="list-style-type: none"> a. Ыстық тамақты тоңазытқышқа салмас бұрын, оның суығанын күте тұрыңыз. b. Тексеріңіз және есікті жабыңыз. c. Тоңазытқышты жылу көзінен алыстатыңыз. d. Тоңазытқыштың айналасында бос кеңістікті қамтамасыз етіңіз және жақсы желдетуді сақтап тұрыңыз. e. Теңшелімдерде төменірек температураны қойыңыз.

3: Тоңазытқыш камерадағы және жылжымалы жәшіктегі өнімдер мұздатылған ба?

Симптом	Тоңазытқыш камерадағы және тоңазытқыштың жылжымалы жәшігіндегі өнімдер мұздатылған.
Причина	<ul style="list-style-type: none"> a. Қоршаған температура 5 °C-тан төмен бе? b. Ылғал мөлшері жоғары өнімдер сәреде орнатылтырылған ба? (суық ауа шығатын жердің жанында)
Решение	<ul style="list-style-type: none"> a. Теңшелімдерде жоғарылау температураны орнатыңыз. b. Су мөлшері жоғары өнімдерді тоңазытқыштың алдыңғы бөлігінде орналастырыңыз.

4: Дыбыс өте қатты ма?

Құбылыс	Тоңазытқыштың дыбысы өте қатты.
Себебі	<ul style="list-style-type: none"> Тіреу беті тым жұмсақ жылжымалы ма? Жақтары деңгей бойынша тураланбаған ба? Тоңазытқыш қабырғаға тиіп тұр ма? Айналасында тоңазытқышқа тиіп тұратын заттар шашылған ба?
Шешімі	<ul style="list-style-type: none"> Тоңазытқыштың астына берік тақтайды қойыңыз. Реттелетін аяқтарды реттеп алыңыз Қабырғадан алыстатыңыз Шашылған заттарды алып тастаңыз.

5: Тоңазытқышта бір түрлі иіс бар ма?

Құбылыс	Тоңазытқышта бір түрлі иіс бар.
Себебі	<ul style="list-style-type: none"> Суық ауаны шығару және сорғыш келтеқұбыр бұғатталған ба? Иісі қатты өнімдер тағамдық үлдірге оралмаған ба?
Шешімі	Ауа шығатын жерлерді және келтеқұбырларды босат.

6: Жұмыс дыбысы жиі күшейе түсе ме?

Құбылыс	Тоңазытқыштың жұмысынан шу жиі күшейіп тұрады.
Себебі	Осы тоңазытқышта инверторлық компрессор пайдаланылады. Дыбыс кейде орнату, есікті ашып-жабу кезінде, қоршаған орта температурасы жоғары болған кезде, мұздату күшейтілген кезде және тезәрекеттігі жоғары жұмыс режиміне ауысқан кезде күшеюі мүмкін.

7: Судың сылдыры және бүлкілдеуі естіле ме?

Құбылыс	Тоңазытқышта ағып тұрған және қайнап тұрған судың дыбысы естіледі.
Себебі	Тоңазытқыш агент сұйықталуы ағынының дыбысы және тоңазытқыш агент булануы және қайнап тұруы дыбысы.

8: Сықыр естіле ме?

Құбылыс	Тоңазытқышта сықыр естіледі.
Себебі	Ішкі пластик бөлшектерінің кеңеюінен немесе қысылуынан дыбыс шығады.

9: Мұз текшелері қозғалып жатқан және құлаған дыбыс естіледі?

Құбылыс	Тоңазытқыш қозғалыс дыбысын шығарады және мұз текшесі құлаған дыбыс естіледі.
Себебі	Су қосылған кезде піспектің дыбысы, мұзға арналған науа айналған кезде қозғалтқыштың дыбысы, мұз текшелері мұзға арналған контейнерге құлаған дыбыс және компрессор алғаш рет іске қосылған кезде қатты шу естіледі.

10: Тоңазытқыштың сыртында және есігінің тығыздағышында конденсат бар ма?

Құбылыс	Тоңазытқыштың сыртында және есігінің тығыздағышында конденсат бар ма?
Себебі	Ылғалдылық жоғары болған кезде, шық тез қонады. Бұл суық суға толған стаканның сыртқы жағында су тамшыларының болғанымен бірдей.

11: Тоңазытқыштың алдыңғы және бүйір жақтары қызып тұра ма?

Құбылыс	Тоңазытқыштың алдыңғы және бүйір жақтары ыстық.
Себебі	Жазда немесе іске қосу басында ерекше ыстық болады. Бұл тоңазытқышта конденсат түзілуін болдырмауға теңшелген радиатор құбыры жұмыс істеп тұрғанына байланысты, бұл тоңазытқыштың ішіндегі өнімдерге әсер етпейді.

■ КЛИЕНТТЕРДІ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІ

Біз клиенттерге қолдау көрсету қызметіне хабарласуды, сондай-ақ түпнұсқа қосалқы бөлшектерді пайдалануды ұсынамыз. Егер сізде тұрмыстық техниканың қиындықтар туындаса, алдымен «Ақаулықтарды жою» бөлімін оқып шығыңыз. Егер сіз мәселенің шешімін таппаған болсаңыз, хабарласыңыз:

— өзіңіздің ресми дилеріңізге немесе

— біздің колл-орталыққа:

8-800-070-01-48 (РҚ),

— www.casarte.ru сайтына, мұнда сіз қызмет көрсетуге өтінім қалдыра аласыз, сонымен қатар жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Біздің қызмет көрсету орталығына хабарласып, паспорт тақтасында және чекте таб алатын келесі ақпаратты дайындаңыз:

Үлгісі _____
 Сериялық нөмір _____
 Сатылған күні _____



Сондай-ақ кепілдің және сату туралы құжаттардың бар болуын тексеруді сұраймыз.

Маңызды! Аспапта сериялық нөмірдің болмауы Өндіруші үшін аспапты сәйкестендіруді және соның салдарынан оған кепілдік қызметін көрсетуді мүмкін емес етеді. Аспаптан зауыттық сәйкестендіру тақталарын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдікті міндеттемелерді орындаудан бас тартудың себебіне айналуы мүмкін. Осы құжатқа алдын ала ескертусіз өзгерістер енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұйымның конструкциясы мен жиынтықталуына қосымша ескертусіз өзгерістер енгізу құқығын сақтайды.

Өнім Еуразиялық экономикалық (Кеден) одағының техникалық регламенттері талаптарына сәйкес келеді.

Сәйкестік сертификат № ЕАЭС RU C-CN.AЯ46.B.27828/23 20.01.2023-дан 19.01.2028 дейін қолданылады.

Сәйкестік туралы декларация № ЕАЭС N RU Д-CN.PA01.B.79950/23 14.02.2023-дан 13.02.2028 дейін қолданылады.


Анағұрлым толық мәлімет берілген сәйкестік сертификаттарының бірыңғай тізілімінде және Еуразиялық экономикалық одаққа сәйкестігі туралы тіркелген декларацияда көрсетілген.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

8

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР

Тоңазытқыштың-мұздатқыштың техникалық сипаттамалары

Сауда маркасы	Casarte
Модельдің сәйкестендіргіші	CASF4777ETAC5U1
Модель типі	Мұздату камерасы бар тоңазытқыш
Энергия тиімділігінің класы	A++
Жалпы энергия тұтынуы (кВтсағ/жыл)	438
Тоңазытқыш камераның сақтау көлемі (л)	469
Мұздатқыш камераның сақтау көлемі (л)	225
Мұздатқыш камераның класы	
Басқа бөлімшелердегі температура > 14°C	Қолданылмайды
Суытқышагент (салмағы)	R600a (88 г)
Салқындату жүйесі	Иә
Температураны жету уақыты (сағ)	10
Мұздату қуаты (кг/24сағ)	14
Климаттық класы Бұл аспап қоршаған ортаның температурасы 10 °C-тан 43 °C-қа дейін болған кезде пайдалануға арналған	SN-N-ST-T
Шу деңгейі, дБ-мен	38
Конструкциясының түрі	Бөлек тұратын

24-сағаттық стандартты сынақтар нәтижелері негізінде.

Энергияны нақты тұтыну аспаптың қалай пайдаланылатынына және оның қайда орналасқанына байланысты.

Қосымша техникалық сипаттамалар

Кернеу / Жиілік	220-240В~, 50 Гц
Номинал тұтынылатын қуаты (Вт)	260
Номинал ток (А)	2
Өлшемдері (Б/Е/Т мм-мен)	1900/1005/787
Таза салмағы (кг)	213
Жалпы салмағы (кг)	224

ҚАПТАУ ҚАҒАЗЫ

Тұрақты зерттеулер мен жетілдірулер салдарынан тоңазытқыштың барлық бөліктерін ауыстыруға болады.

Саны	Атауы	Модель
1	Кепілдік Пайдаланушы нұсқаулығы	CASF4777ETAC5U1
3	Есік сөресі	
1	Health zone бөлімшесі	
2	Шыны сөре	
1	Moist zone жылжымалы жөшігі	
1	Mu zone жылжымалы жөшігі	
1	Суға арналған контейнер	
1	MSA жылжымалы контейнері	
1	MSA контейнері	
1	Мұз генераторы	
1	Мұздатқыш камераның жоғарғы жөшігі	
1	Мұздатқыш камераның жоғарғы жөшігі	
1	Мұзға арналған контейнер	
1	Мұзға арналған қалақша	
1	Мұздатқыш камераның төменгі жөшігі	
1	Жылжымалы жөшікті ұстағыш	
2	Жылжымалы жөшік	
1	Тазартқыш құрал-сайман	

Casarte

Casarte

RU

Изготовитель:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Уполномоченная организация / Импортёр:

ООО «ХАР», 121099, г. Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601

Уполномоченная организация в Республике Казахстан:

ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достық, дом 210.

Дата изготовления и гарантийный срок указаны на этикетке устройства

Сделано в Китае

KZ

Өндіруші:

«Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым / импорттаушы:

«Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.

Өндірілген күні және кепілдік мерзімі құрылғының заттаңбасында көрсетілген

Қытайда жасалған

The logo for the Eurasian Conformity (EAC) certification, consisting of the letters 'EAC' in a bold, stylized, sans-serif font.